

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2026)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BGQF2048>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Искакова З. С.

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Ж. А. Карменбаева¹, М. Жамбылқызы², Б. Упадхай³,
Б. Ашегова⁴, Н. Орынтаева⁵**

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

³Миннесота Университеті, АҚШ, Миннеаполис қ.;

⁴Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

⁵Алматы технологиялық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-3769-3766>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5153-6372>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5141-3778>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-5199-5612>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5590-0295>

*e-mail: 1830220713@mail.ru

КӨШБАСШЫ ОҚЫТУШЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІ

Зерттеп отырған мақала қазіргі таңда зерттеу саласында өзекті болып отырған білім саласындағы көшбасшылық, шет тілін беретін оқытушының рөлі, көшбасшы оқытушылардың негізгі құзіреттіліктері, коммуникативтік көшбасшылық сияқты мәселелерді қарастырады. Соңғы жылдары мұғалімдердің сынып ішінде ғана емес одан тыс рөлдері дамып, оларды зерттеу, көбірек көңіл бөлу арқылы оқытушының кәсіпқойлығын күшейту тақырыбына қызығушылықтың артуы таңқаларлық емес.

Білім берудегі көшбасшылық мәдени және контекстік жағынан байланысты күрделі процесс, дегенмен оның анықтамасы, ол туралы зерттеулер жоқтың қасы екеніне қарамастан, оның білім беру нәтижелерін жақсартудағы маңыздылығына қатысты пікірлер көп. Әртүрлі зерттеулер нәтижелері білім алушылардың білім саласында көрсететін нәтижелері мен көшбасшылық арасында берік байланыс бар екенін анықтады. Берілген мақалада автор шет тілін беретін оқытушының негізгі рөлі, қосалқы рөлдері, білім саласындағы

көшбасшылық, коммуникативтік көшбасшылық, көшбасшылық қасиеттерді дамыту, озат, өз саласының көшбасшысы болу үшін қажетті негізгі құзіреттіліктерді анықтап, олардың мәні мен атқаратын қызметтерін саралайды.

Мақалада тақырып бойынша сипаттамалық, салыстырмалы, аналитикалық және прагматикалық талдау жасалып, ағылшын тілі оқытушысының пәнді ұйымдастырудағы көшбасшылық рөлдері анықталды. Осы рөлдерді анықтауда көшбасшылық коммуникативтік құзіреттілік анықталып, оқытушының пәнді оқыту мен ұйымдастыру рөлінен басқа көшбасшылық қабілеттерді дамытатын басқада қосалқы рөлдері анықталды. Сонымен қатар, зерттеу аясында анықталған көшбасшылық құзіреттіліктер мен рөлдерді талдау мақсатында университет пән оқытушылары арасында сауалнама ұйымдастырылып нәтижесі талқыланды.

Кілтті сөздер: көшбасшылық, көшбасшы оқытушы, коммуникативтік құзіреттілік, оқу үдерісі, мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік, оқытушы, білім алушы, білім саласындағы саясат пен реформалар.

Жалпы ережелер

Қазіргі таңда шет тілін беретін мұғалім мен оқытушының рөлі өзгерген және оқытушы сабақ беру үрдісінде бірнеше рөлді қатар меңгеруіне тұра келеді. Сыныпты басқару және оқу ортасын табысты ету оқытушының жеке режимінен, киім кию үлгісінен, мінез-құлқынан, тіпті сыныптағы жиһазды ұйымдастыруынан және, әрине, оның сараптамалық білімінен басталады. Оқытушы бүгінде сыныпта көптеген рөлдерді қатар атқарады. Бүгінгі таңда оқытушының зерттеуші, кеңесші, сарапшы, тәлімгер, ақпарат беруші, білім беруші, ғылыми жетекші сияқты рөлдерден басқа да көптеген рөлдерін атап өтуге болады. Осы рөлдермен бірге мақалада шетел тілі мұғалімінің тағы бір маңызды рөлін атап көрсетпекшіміз, ол бүгінгі таңда өте өзекті болып табылатын көшбасшы мұғалім немесе мұғалім көшбасшылығы. Мұғалімнің көшбасшылық мақсаты – мұғалімдерге, мектеп оқушыларына, әріптестерге, басшыларға және мектеп қоғамдастығының басқа мүшелеріне оқыту мен оқу үдерісін жақсартуға ықпал ету. Педагог жетекшілер оқу орындарындағы оқыту міндеттерінен тыс өз ұйымдарының жетістіктері мен нәтижелерін арттыру үшін өзгерістер жасауға тырысады.

Оқу жоспарының үйлестірушісі, пән бойынша маман, тәлімгер және мұғалім тренерлер сияқты мұғалімнің көшбасшылық рөлдері оның үлкен тапсырмаларды орындауға, өзгерістер мен реформаларға әсер ету қабілетіне

байланысты білім ордасының дамуы үшін маңызды болып саналады және әкімшілік көшбасшылық пен мұғалімдер арасындағы алтын көпір. Көшбасшы мұғалімнің жетекші рөлдерінің негізгі мақсаты – «мұғалімдер арасында кәсіби мәдениетті, әлеуметтік ынтымақтастықты және кәсіби сенімділікті қалыптастыру және қолдау» [1, 39-б.]. Оқытушылардың осы шешуші рөлі бүкіл әлемдегі білім беру ұйымдарына көшбасшылық жауапкершіліктерді тағайындауға және мұғалімдерге өз ұйымдарының тиімділігі үшін үлес қосуға мүмкіндік беруге сендірді.

Коммуникативтік құзыреттілік өте маңызды көшбасшылық шеберлік болып табылады және көшбасшылар жергілікті, жаһандық ауқымда басқалармен қарым-қатынас жасауда білікті болуы керек. Көшбасшылық коммуникация барлық адамдармен жақсы қарым-қатынас жасау, басқаларды тиісті ақпаратпен хабардар ету және шабыттандыру, дұрыс басқару, артынан ілесіп келе жатқан ізбасарларды нақты бір жағдайларда басқара алу сияқты қосымша субқұзыреттіліктер тобынан тұрады. Көшбасшылық коммуникация оқытушының қарым-қатынас жасау барысында вербалды, бейвербалды, ауызша және жазбаша коммуникацияда үздік болуын талап етеді. Көшбасшылар анық ойлауға, идеяларды жеткізуге және көптеген аудиториямен ақпарат алмасуға қабілетті болуы керек. Олар сондай-ақ ұйым ішіндегі және әріптестер, тұтынушылар, серіктестер, жеткізушілер және т.б. арасында ақпараттың жылдам ағындарын басқара алуы керек.

Тиімді көшбасшылық мамандарға басқалармен күнделікті өзара әрекеттесу арқылы байланыстарды тереңдетуге, сенімді нығайтуға және шығармашылық пен инновацияны ынталандыруға мүмкіндік береді. Коммуникативтік көшбасшылық тиімді өзара әрекеттесу, білім алушыларды ынталандыру және шабыттандыру, олардың коммуникативтік дағдылары мен мәдениетаралық құзыреттілігін дамытуға ықпал ету сияқты құзіреттіліктерді қамтиды. Жаһандану және әлемдік білім беру кеңістігінің интеграциясы жағдайында коммуникативтік көшбасшылық құзыреттер болашақ ағылшын тілі мамандары үшін ерекше маңызға ие, өйткені олар әртүрлі мәдени және білім беру контексттеріне сәтті бейімделуге мүмкіндік береді.

Коммуникативтік көшбасшылық құзыреттіліктерді бағалау және дамыту технологиялары болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығының сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы. Олар осы құзіреттіліктердің даму деңгейін объективті бағалап қана қоймай, оқу-тәрбие процесінде мақсатты түрде дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай технологияларды енгізу білім беру бағдарламаларының тиімділігін арттыруға және заманауи жағдайда табысты жұмыс істей алатын жоғары білікті мамандарды дайындауға ықпал етеді.

Болашақ ағылшын тілі мамандарының коммуникативтік көшбасшылық құзыреттілігін бағалау және дамыту технологияларын зерттеу заманауи білім беру міндеттері мен қоғамның құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудағы қажеттіліктеріне жауап беретін өзекті және ғылыми ізденісті қажет ететін сала болып табылады.

Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық немесе оқытушы көшбасшыларды арнайы даярлау Қазақстандық білім беру жүйесінде жаңа тренд болып отыр, яғни терең зерттеулер жоқтың қасы, осы зерттеу мақаласын жазудағы біздің міндетіміз көшбасшылықтағы коммуникацияның маңыздылығын, мәдениетаралық құзыреттілікпен бірге коммуникативтік құзыреттілікті, көшбасшы оқытушылардың вербалды және бейвербалды қарым-қатынас жасауда қалай мінсіз болуы керектігін, тіл маманының өз ұйымдарының табысты болуына, білім алушылардың әл-ауқатына ықпал ету және оқушылардың үлгерімін жақсарту үшін сыныпты басқаруды ұйымдастыру үшін қандай белсенді рөл атқаруы керектігін және білім беру саласындағы мәдени, ұйымдастырушылық, саяси, оқытушылық құзыреттіліктердің мәні, маңызы мен оны дұрыс ұйымдастыру мәселелерін жан-жақты талқылау.

Кіріспе

Мұғалімнің көшбасшылығын дамыту білім беруді реформалаудың және мектеп жұмысын жақсартудың маңызды факторы ретінде танылады. Көшбасшылық құзыреттілік мұғалімдерге оқу жоспарына өзгерістер енгізуге, оқытудың инновациялық стратегияларын енгізуге және білім беру жүйесінің жалпы дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді [2, 24–31-б.]. Сонымен қатар, мұғалімдердің көшбасшылығы студенттер үшін де, мұғалімдер үшін де пайдалы бірлескен және инновациялық оқу орталарын құру үшін өте маңызды. Бір қызығы, көшбасшылық қасиеттердің маңыздылығын көпшілік мойындағанымен, мұғалімдер арасында мұндай дағдыларды дамытуда қиындықтар туындайды. Оларға білім беру жүйесіндегі иерархиялық құрылымдарды жеңу және көшбасшылыққа баса назар аударатырып, кәсіби даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ету қажеттілігі кіреді [3, 68-б.]. Сонымен қатар көшбасшылық қасиеттерді дамыту тәжірибелі мұғалімдер үшін ғана емес, студенттер үшін де шешуші мәнге ие, өйткені оларды қоғамдағы белсенді рөлге дайындап, кәсіби және тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Мұғалімдер арасында көшбасшылық қасиеттерді дамыту білім сапасын арттыру және оң және тиімді білім беру ортасын құру үшін ең маңызды болып отыр. Білім беру мекемелері мен саясаткерлердің оқытушылар құрамының көшбасшылық құзыреттерін арттыруға арналған кәсіби даму бағдарламаларына инвестиция салуы өте маңызды. Бұл инвестициялар мұғалімдерге өзгерістерге жана көзбен қарап және білім беру реформасының

жақтаушысы әрі көшбасшысы болуға мүмкіндік береді, сайып келгенде, оқушылардың жетістіктерін жақсартуға және тиімдірек білім беру жүйесіне әкеледі [4, 148-б.].

Мұғалімнің көшбасшылығы ағылшын тілін оқытуда және жалпы білім беру үдерісінде маңызды рөл атқарады. Бұл құзіреттіліктер оқу ортасын қалыптастыра алады, педагогикалық тәсілдерге әсер етіп, оқушылардың сабаққа қатысуы мен жетістіктеріне әсер етеді. Көшбасшылық құзіреттіліктері басым мұғалімдер көбінесе тілді меңгеру үшін маңызды болып табылатын автономияны, мотивацияны және өзін-өзі басқаратын оқуды ілгерілететін динамикалық, студентке бағытталған оқу ортасын жасайды [5, 4-б.]. Сонымен қатар, мұғалімдердің көшбасшылығы тіл үйрену мен еркін сөйлеуді жақсартатын технологияларды біріктіру сияқты оқытудың инновациялық әдістерін дамыта алады.

Ағылшын тілі мұғалімдерінің көшбасшылығы саласындағы зерттеулер Қазақстанда және басқа ТМД елдерінде де белсенді дамып келеді, дегенмен ол АҚШ немесе Еуропа ғалымдарының зерттеулерімен салыстырғанда әлемдік ғылыми қауымдастықта танымалдыққа ие емес.

Көшбасшылық құзіреттіліктер тілді оқыту мен үйренуде таптырмас нәрсе және бұл дағдылардың тиімділігі тілдік білім беру сапасына, бағдарламаның дұрыстығына және тілдік ортада және одан тыс жерлерде мұғалімдер мен студенттердің қанағаттану деңгейіне тікелей әсер етеді. Мұндай дағды немесе қабілет кейбір адамдарға туа берілуі мүмкін, бірақ кейбір адамдар мұндай құзыреттерді оқып үйренеді немесе қолдана алады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, көшбасшылық немесе коммуникациялық құзыреттілік ауызша және жазбаша қарым-қатынаста табысты болуды, мәдениетаралық құзыретті қамтиды. Коммуникативтік құзіреттілік – тілді, оның лексикасы мен грамматикасын біліп және меңгеріп қана қоймай, тілді қайда, қашан және кімге тиімді қолдану керектігін жақсы білу. Коммуникативтік құзіреттілік – белгілі бір жағдайларда, топтарда, уақытта және жерде не істеу керектігін және қалай әрекет ету керектігін білуге арналған ережелер немесе нұсқаулар туралы жеке адамның білімі [6, 65-б.]. Мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілік мәдениеттерге, соның ішінде өз мәдениетіңізге және осы түсіністікті басқа мәдениет өкілдерімен сәтті қарым-қатынас жасау үшін пайдалану мүмкіндігін білдіреді. Мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілігі – бұл тұлғалардың дұрыс вербалды және бейвербалды қарым-қатынастағы мінез-құлық стилі, өз және шетел мәдениетінің нормалары мен принциптері, коммуниканттардың дұрыс әрекеті, әртүрлі контексттер туралы білімі [7, 3-б.].

Көшбасшылықтың ең маңызды дағдыларының бірі - қоғамды әрекетке шабыттандыра отырып, анық, сенімді қарым-қатынас жасау қабілеті.

Көшбасшылық коммуникация дағдылары коммуникацияға қатысушылар арасында айқын байланыстарды қалыптастырып, ынтымақтастық, қоғамдастық сезімін арттырады. Топ мүшелерімен қарым-қатынас жасаудан бастап, басшыларды күнделікті істер туралы хабардар етіп отыруға дейін көшбасшылар адамдардың барлық санатымен әртүрлі тәсілдермен тиімді тіл табыса білуі керек. Көшбасшылық қарым-қатынас дағдылары маңызды, өйткені олар:

- топ мүшелері арасында және командалар арасындағы ынтымақтастықты дамытады;
- топ мүшелері мен басшылар арасындағы байланыс арналарының ашық және тиімді болуын қамтамасыз етеді;
- топ мүшелерінің өз міндеттерін анық түсінетініне көз жеткізеді;
- топ мүшелерінің тиімділігін арттырады;
- қызметкерлерге мақсаттар мен нәтижелерге назар аударуына көмектеседі.

Көшбасшы мұғалімдер әртүрлі дағдылар жиынтығымен барлық ортадан қалыптасады. Олар студенттерге білім алуды тиімді ету мен оқуды жақсарту мақсатында осы дағдылар жиынтығын пайдаланады. Қазіргі білім беру жүйесі мол тәжірибесі мен осы дағдылар жиынтығымен көшбасшылардың қажетті өзгерістер мен жаңашылдықтарға қатысуын талап етеді. Үздік мұғалімдер өз іс-тәжірибесін әртүрлі көзқарастар мен көптеген құзіреттіліктерді игеру арқасында жинақтайтындықтан мұғалім көшбасшылығы да жеке тұлғалық күш-жігер мен қызығушылықты талап етеді, студенттер мен кәсіптің игілігі үшін жұмыс жасайды.

Нұсқаулар, саясат және қауымдастық жолдары бір-бірімен байланысты болғанымен, барлық көшбасшы мұғалімдерде дамытуы керек жалпы дағдылар жиынтығы бар. Осындай құзіреттілік мысалы ретінде коммуникацияны айта аламыз. Көшбасшылардың әрқайсысы әртүрлі адамдар топтарын тарта алатын және жүйелі өзгерістерді алға жылжытатын хабарламаларды жасай алуы, тұжырымдап және саралай білуі керек. Қосымша жалпы құзыреттіліктерге мыналар жатады: рефлексиялық тәжірибе, жеке тиімділік, тұлғааралық тиімділік, үздіксіз оқу және білім беру, топтық процестер, ересектерді оқыту және технологиялық мүмкіндіктер [8].

Табысты көшбасшы мұғалімдер өздерінің құнды тәжірибелерін жасырмайды, керісінше барлық білім алушыларға пайдалы болу үшін сол білімдерін басқалармен бөліседі. Тәжірибеге сүйенсек көбінесе сыныпта сабақ беріп көрмеген, тәжірибесі аз немесе мүлдем жоқ

адамдар саяси шешімдер қабылдауға жауапты болып жатады. Көшбасшы мұғалімдер мектептегі, аудандағы, мемлекеттегі немесе ұлттық саясаттағы көшбасшылық қабілеттерде қызмет ету үшін білім алушылардың білімін қолдайтын саясаттарды қалыптастыруға және ақырында жүзеге асыруға көмектесу үшін өз сыныптарынан көтерілуге және шығуға дайын.

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері сипаттамалық, салыстырмалы, аналитикалық және прагматикалық талдау болып табылады. Зерттеу әдістемесі – сипатталған тақырып бойынша бұрыннан бар ойларды және осы саладағы маман ретіндегі жеке көзқарастарды аналитикалық зерттеу. Мақалада көшбасшы оқытушының сипаты, қалыптасатын негізгі күзінреттіліктер, коммуникативтік күзінреттіліктің маңызы сияқты мәселелер қарастырылған. Авторлар көшбасшы оқытушының жалпы және негізгі күзінреттіліктерін жан-жақты талдап, авторлық көзқарастарын, зерттеу пайымдарын ұсынады.

Көшбасшы оқытушының жалпы және жеке негізгі күзінреттіліктері толығымен сипатталып, олардың маңызы мен атқаратын қызметтері атап көрсетілді. Ағылшын тілі оқытушысының пәнді ұйымдастырудағы көшбасшылық рөлдері анықталды.

Қарастырып отырған ғылыми мақалада авторлар шет тілі оқытушысының қызметіндегі дәріс беруден басқа да кәсіби күзінреттіліктерін, соның ішінде коммуникативтік кшбасшылық күзінреттіліктің рөлін анықтап, көшбасшы оқытушыға тән негізгі күзінреттіліктердің авторлық жіктемесін ұсынады және оларды аталмыш университет оқытушылары арасында жүргізілген сауалнама негізінде талдайды.

Көшбасшы оқытушының зерттеуде анықталған негізгі және жалпы күзінреттіліктері мен рөлдерін анықтау мақсатында Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 15 ағылшын тілі пәні оқытушылары арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижесі берілді. Сауалнама қағаз түрінде (paper-based) және жауаптарын таспалау түрінде ұйымдастырылды. Оқытушылар 1) Әділеттілік, теңдік және мәдени; жеке дербес, тұлғааралық, коммуникативтік, технологиялық; дәріс беру немесе нұсқау беру; 2) Саяси және бірлескен күзінреттіліктердің қайсысы сіздің бойыңызда бар немесе басым; 3) Көшбасшылық күзінреттілік туа біткен қасиет па немесе ол бірте-бірте пайда бола ма; Көшбасшы оқытушы пән мұғалімінен басқа қандай рөлдер атқарады деген үш негізгі сауалға жауап беруге тырысқан. Сауалнаманы жүргізу барысы: сұрақтарға жауап жазу немесе жауабын таспалау; алынған жауаптарды кодтау; алынған жауаптарды саралау; жауаптарды қорытындылау.

Нәтижелер мен талқылаулар

Басқаша айтқанда, біз мұғалімнің көшбасшылығын оқушыларға тек оқуда ғана емес, сонымен қатар олардың өмірінде де оң әсер ететін сынып ішінде және одан тыс жерде көрсетілетін қасиеттердің, сипаттамалардың және мінез-құлықтардың динамикалық жиынтығы ретінде анықтаймыз.

Мақалада білімді, озат көшбасшы оқытушы болу үшін бірнеше негізгі күзиреттіліктердің қажет болатыны туралы айтпақпыз.

Көшбасшы оқытушыда келесі негізгі құзыреттіліктер болуы тиіс: әділеттілік, теңдік, мәдени құзыреттіліктер. Әділеттілік, теңдік және мәдени құзыреттіліктер білікті маман болудың ажырамас бөлігі ретінде түсінілуі және танылуы керек. Қоғамда көшбасшылар мәдени жағынан олардан ерекшеленетін әртүрлі адамдармен және топтармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті үнемі өсіп отыруы керек. Олар мәдениетті және оның жеке адамдар мен адамдар топтарына басым әсерін түсінуге тырысады және үстемдік ететін мәдениет жеке адамдар мен адамдар тобына қалай артықшылық бере алатынын немесе қысым жасайтынын түсінуге тырысады. Олар: білім беру жүйесіндегі теңсіздікті әшкерелеу және жою; жеке адамдармен және топтармен мақсатты түрде ынтымақтасу және әділ оқыту ортасын тудыратын саясаттар мен тәжірибелерді құру және қолдау бойынша жұмыс істейді [9, 6-б.].

Жалпы құзыреттіліктер, яғни нұсқаулық, саясат және қауымдастық тәжірибелері бола тұра көшбасшы оқытушыларда болуы тиіс басқада күзиреттіліктер үнемі даму үстінде болуы тиіс. Олардың ең негізгісі коммуникативтік күзиреттілік. Көшбасшы әртүрлі адами топтармен қарым-қатынасқа түскенде оларды тарта алуы қажет, яғни коммуникацияға жеңіл түсе алатын, тіл шебері, кіммен қалай сөйлесу керектігін меңгерген болуы тиіс күзиреттілік. Қосымша «жалпы» құзыреттіліктерге мыналар жатады: рефлексиялық тәжірибе, жеке тиімділік, тұлғааралық тиімділік, үздіксіз оқу және білім беру, топтық процестер, ересектерді оқыту және технологиялық мүмкіндіктер [10, 25–48-б.].

Білім саласындағы көшбасшылықтың бір саласы ол дәріс беру және нұсқау беру көшбасшылық күзиреттілігі. Нұсқаулық мұғалім көшбасшылығының ең негізгі құрылымы. Дәріс беру және нұсқау беру көшбасшылық сыныптың төрт қабырғасында ең жақсы мұғалім болудан да көп нәрсені білдіреді – ол басқалармен, соның ішінде әріптес оқытушыларға қол ұшын созу және білім беру тәжірибесімен бөлісу, сонымен қатар мүдделі тараптардың кең ауқымын қамту дегенді білдіреді. Табысты көшбасшы мұғалімдер өздерінің тәжірибелерін жасырмайды, барлық студенттерге пайдалы болу үшін сол білімдерін басқалармен бөліседі.

Білім саласындағы көшбасшылықтың тағы бір маңызды саласы ол саяси көшбасшылық күзінеттілік. Дұрыс ұйымдастырылған білім беру саясаты білікті оқытушылардың білім беру бойынша не білетінін қалыптастырып, басшылыққа алуы керек. Оқытушы көшбасшылар білім алушыларға тиімді олардың білім сапасын жақсартуға көмектесетін саясатты қалыптастырып, оның жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Бірлескен көшбасшылық күзінеттілік мағыналы, позитивті және мықты ұжымдық әрекетті құру және басшылыққа алу жолын түсінуді білдіреді. Бұл үлкен, мәдениеті әртүрлі және белсенді топ мүшелерін басқаруды үйренуді және сол мүшелердің әрекеттерін қалаған өзгерістерге бағыттауды білдіреді. Бірлесе жұмыс атқарып, көшбасшы оқытушылар сапалы оқыту тәжірибесін және осы тәжірибені мүмкін ету үшін дұрыс саясатты алға жылжыту үшін әкімшілікпен және басқа мүдделі тараптар арасында алтын көпір бола алады.

Келесі кестеде жоғарыда айтылған көшбасшылық күзінеттіліктердің негізгі мағынасын ашатын боламыз.

1-кесте – Көшбасшы оқытушы болудың негізгі күзінеттіліктерінің сипаты

Күзінеттілік	Сипаты	Атқаратын жұмыстар
Әділеттілік, теңдік және мәдени құзыреттіліктер	Мәдени айырмашылықтарға негізделген теңсіздіктердің бар жоғын анықтайды; басқа мәдени топтармен әрекеттесу кезінде мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларының қажеттілігін мойындайды; мәдени айырмашылықтарды көрсететін және бағалайтын мүмкіндіктер мен іс-шараларды жасау үшін әртүрлі мәдениеттегі студенттерді, ата-аналарды, әріптестерді және/немесе қоғамдастық мүшелерін тартуға тырысады және соған сай жоспар құрады.	Әділ саясаттың орын алуын қамтамасыз етеді, жобалайды, ұсынады; өзгерістер жасайды және соған ықпал етеді; әріптестер мен басқа да мүдделі тараптарды әділ тәжірибелерді іздеуге және тартуға көндіреді және қолдайды; ұйымдастырушылық және жүйелік өзгерістерге әкелетін жеке адамдармен және әртүрлі мәдени топтармен альянс құруға көмектеседі және басқаларды шабыттандырады.

Жалпы құзыреттіліктер (жеке\дербес, тұлғааралық, коммуникативтік, технологиялық)	Көшбасшылық қабілетінің ұжымдастарымен бірлесе жұмыс атқарғанда, олардың сеніміне кіру үшін осы қабілеттерді қалай қолдану керектігін айқындайды; көшбасшылық міндеттерін басқа кәсіби міндеттермен бірге бірінші орынға қояды; ұжымдастарымен бірлесе тиімді жұмыс атқару үшін қажетті техникаларды қолданады; басқада көшбасшылармен бірлесе жұмыс жасап, кәсібін шыңдайды; жоспарлы мақсат құрып сонымен жұмыс жасайды.	Өріптестерге, мүдделі тараптарға және басқа қауымдастық мүшелеріне көшбасшы мұғалім ретінде өсуді, ізденуді түсіндіру үшін өз тәжірибесін пайдаланады; басқаларға өсу мен жеке даму бағыттарын анықтауға көмектеседі; ірі іс-шаралар мен конференцияларда өз зерттеулерін ұсынады, ғылыми жарияланымдарға үнемі үлес қосып отырады және/немесе әріптес көшбасшылар үшін кеңірек аудиторияға қол жеткізу және оқытудың жаңа әдістерін әзірлейді; саясаткерлерді және басқа да мүдделі тараптарды білім туралы дискурсқа тартады және осындай шараларға басқа көшбасшы мұғалімдерді қатысуына ықпал етеді; инновациялық виртуалды ортаны қолданады және басқа көшбасшы мұғалімдерді өзгеруге тарту үшін түрлі технологияларды пайдаланады.
---	---	---

Дәріс беру немесе нұсқау беру көшбасшылық күзінеттіліктер (менторлық, тренингтік, бірлесіп жұмыс жасау)	Әріптестерін сабақтарын көруге және талқылауға шақырады; оқу тәжірибесі бойынша кері байланыс беру және алу мүмкіндіктерін іздейді; әріптестерін басымдылығына, қажеттіліктерге, жеке және академиялық күзінеттіліктеріне қарай біріктіреді және сол қажеттіліктерді қанағаттандыру әдістерін анықтайды; коллаборация мәдениетінің маңыздылығы туралы білу және ынтымақтастықтың оң нәтижелерін анықтау мүмкіндіктерін іздейді.	Коллаборация мәдениетін қалыптастыра отырып шешімдер мен резолюция шығарады; студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін студенттермен және әріптестермен, ата-аналармен және қоғамдастық серіктестерімен, мүдделі тараптармен және саясаткерлермен өнімді серіктестік құру үшін жұмыс жоспарын құрады.
Саяси көшбасшылық күзінеттілік (орындау, қарым қатынас құру, саяси құжаттар түзу)	Зерттеу немесе деректерді талдау нәтижесінде көптеген деңгейлерде саясаттың әсерін талдайды; студенттерге, білімге саясаттың оң немесе теріс ықпалын ұғынады; мектепке, сыныпқа, білім алушыларға ықпал ететін саясатты бағалау мақсатында өзгелердің ойын тыңдайды, кеңес алады.	Білім саласына қатысты шешімдер қабылдау мақсатында түрлі коммуникация тәсілдерімен одақ құрады; негізгі мүдделі тараптар мен саясаткерлерді және олардың көзқарастарын анықтап, келіссөздер жүргізеді; саясаттың өзгеруін қолдау үшін мәлімдемелер сияқты жазбаша ұсыныстарды немесе бейнелер, подкасттар, радиохабарлар немесе дыбыстық сигналдар сияқты технологиялық құралдарды пайдаланады; мектепке, сыныпқа, білім алушыларға ықпал ететін саясатты насихаттау мақсатында кездесулер, талқылаулар, пікірталастар ұйымдастырады.

Бірлескен көшбасшылық күзiреттiлiк	Жергiлiктi, штаттық және/ немесе ұлттық қауымдастықтың миссиясын, көзқарасын және құндылықтарын түсiнедi; әрiптестердiң рөлiн ғана емес, сонымен қатар олардың бiлiм алушыларға, сондай-ақ мұғалiмдерге, мектепке және кәсiпке қажеттi нәтижелерге қол жеткiзудегi әсерiн мойындайды; көшбасшы оқытушылардың басшылығымен және қолдауымен бiрлестiк жұмысына белсендi қатысады; мықты қарым-қатынастар орнату немесе әсерлi желiлердi (мүшелер, көшбасшылар және ұйымдар iшiндегi және арасындағы коалициялар) дамыту үшiн маңызды мәселелердi пайдаланады.	Бiрлесе жұмыс атқаруды дамытады; қауымдастық мүшелерiн және басқаларды жаңа процестердi, хаттамаларды және көзқарастарды таныстыру және одан әрi дамыту, шешiмдердi енгiзу үшiн бiрлестiктi басқарады; жұмыс орнында өзгерiстер жасау үшiн инновациялық стратегияларды ұйымдастырады.
------------------------------------	---	---

Шет тiлi сабақтарында көшбасшылық дегенiмiз оқытушының дәрiсте, дәрiстен тыс бiлiм алушыларды жеке тұлға ретiнде қарап оларды сапалы әрi тиiмдi бiлiм алу үшiн ынталандыра алу, сүйемелдеу, қамқорлық таныту, олардың жақсы нәтижелерге жетуiне ықпал ету. Кейбiр ғылыми еңбектерде және ғалымдар бiлiм саласындағы көшбасшылықты бағдарламаны құру мен басқару, оны ұйымдастыру, бiлiм саласында реформалар енгiзу сияқты жұмыстар төңiрегiнде қарастырады, ал кейбiр ғалымдардың зерттеуiне сүйенсек бiлiм саласындағы көшбасшылық баламен жұмыс жасау қабiлетi, сыныпта дұрыс ұйымдастырылатын iс-шаралар, дәрiс берудi дұрыс ұйымдастыру, оқушымен қарым-қатынас орнату болып табылады.

Қазақстан Республикасы мектептерiнде, жоғарғы оқу орындарында, соның iшiнде ағылшын тiлi пәнiн оқыту сыныптарында көшбасшы оқытушының рөлi мен маңызы өте зор, дегенменде бiздiң түсiнiгiмiзде оқытушының алдында пәндi дұрыс ұйымдастырудан басқа алдында отырған бiлiм алушыға кеңес беру, онымен жақсы қарым-қатынас орнату, өмiрге бағыт-бағдар беру, оның тұлға болып қалыптасуына атсалысу сияқты мiндеттер тұратындықтан әр пән оқытушысы көшбасшы болады. Ол бiрқатар дағдылар, қабiлеттер мен күзiреттiлiктердi қамтиды. Оның iшiнде коммуникативтiк күзiреттiлiк ең маңыздысы. Коммуникативтiк күзiреттi маман бiлiм алушымен, ата-анамен, басшылықпен жақсы коммуникация

жасап, өзі де, оқушы да көшбасшылық қасиетті қалыптастырады. Коммуникативтік көшбасшы – бұл қызметкерлерді диалогқа тартатын, белсенді түрде пікір бөлісетін және іздейтін, шешімді бірлесіп қабылдауды жөн көретін, ашық және белсенді тұлға [11, 385–390].

Атап айтқанымыздай коммуникативтік көшбасшылық ең негізгі күзіреттіліктердің бірі бола отырып мынадай негізгі принциптерден тұрады: коммуникативті көшбасшылар қызметкерлерді өзін-өзі басқаруға үйретеді және мүмкіндік береді; коммуникативтік көшбасшылар жұмысты жеңілдететін құрылымдармен қамтамасыз етеді; коммуникативтік көшбасшылар нақты нәтижелерді күтеді; коммуникативтік көшбасшылар ашық, сыйлы және өз қарамағындағы жұмысшыларына алаңдаушылық білдіреді; коммуникативтік көшбасшылар мәселені шешуге белсенді қатысады, кері байланыс береді; коммуникативтік көшбасшылар бағыт бағдар береді және басқаларға мақсаттарына жетуге көмектеседі; коммуникативтік көшбасшылар өз ойларын айтуға мүмкіндік береді және әріптестерінің ойларын қолдайды.

Көшбасшы оқытушы пән мұғалімі рөлінен басқа оқу жоспарының үйлестірушісі (оқытылатын пәндер бойынша жоспар түзіп, оны басқа әріптестермен бөліседі), пән бойынша маман (оқитын пәні бойынша ақпараттарды, лексика мен грамматиканы оқушыға қалай түсінікті жеткізуді ұйымдастырады), тәлімгер (бағыт бағдар береді, кеестермен қамтамасыз етеді, білмегенін үйретеді, нұсқайды), мұғалім тренер (арнайы дәрістер оқиды, бағдарламалармен таныстырады, жаңа әдістермен бөліседі), зерттеуші (білім саласындағы өзекті мәселелермен айналысады, зерттейді, саралайды, алдыңғы қатарлы замнауи технологияларды қолданады), үйлестіруші (кеңестер береді, материалдармен қамтамасыз етеді, жоғын толықтырады), ұйымдастырушы (аналитик, бірлесе жұмыс атқарады, нұсқаулар береді), ақпарат таратушы (білім саласындағы жаңашылдықпен таныстырады, материалдармен бөліседі, әдебиеттер мен арнайы көздермен таныстырады, оқуға кеңес береді), модератор (ұйымдастырушы, жүргізуші, нұсқаушы, таныстырушы, ақпарат береді), құрастырушы (арнайы бағдарламалар түзеді, оқу құралдарын жасайды, бағдарламалар түзеді), жол сілтеуші (нұсқаушы, кеңес беруші) сияқты көшбасшылық рөлдерді қатар атқарады.

Зерттеудің нәтижесі ретінде көшбасшы оқытушының негізгі күзіреттіліктерін анықтау мақсатында ағылшын пәнін оқытатын Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 15 оқытушысымен сауалнама ұйымдастырылып, талданған еді. Соның қорытындысын талқылайтын болсақ, жоғарыда берілген көшбасшылық күзіреттіліктердің қайсысы сізде бар немесе басым деген сұраққа оқытушылар барлық күзіреттіліктер бар

екенін, соның ішінде мәдени, дәріс беру және нұсқау беру күзiреттiлiктерi (90 %) басым екенін айтқан. Саяси көшбасшылық күзiреттiлiкке сауалнамаға қатысқан оқытушылардың (3 %) ғана қажеттiлiгiне тоқталған, оған себеп ағылшын тiлiнде дәріс ұйымдастырып сабақтың тиімдi өтуін қамтамасыз еткенімен барлық пән оқытушысы бiлiм беру бойынша арнайы құжат түзу, қарым-қатынас орнату, бiлiм саласы бойынша өзгерістер енгізу мен бiлiм алушыға ықпал ететін саясатты қолдауға әлсiздiк танытады. Демек, оны ұйымдастыратын нақты тұлғалар немесе тәжірибеден өткен нағыз көшбасшылар ғана орындай алады.

Көшбасшылық күзiреттiлiк туа бiткен қасиет па немесе ол бiрте-бiрте пайда бола ма деген сауалға оқытушылар ол еңбекпен, мол тәжірибемен, арнайы шыңдаумен келетін қабілет деп жауап берген (85 %).

Көшбасшы оқытушы пән мұғалімінен басқа қандай рөлдер атқарады деген сұрақтағы ұйымдастырушылық рөлге (80 %), құрастырушы рөлге (10 %), пән бойынша маман рөліне (10 %) көрсеткіш көрсеткен.

Қорытынды

Көшбасшы оқытушылар құзiреттiлiктердi өздерінің нанымдары, бейімділіктері мен таланттары ретінде барлық бiлiм алушылардың бiлiм алуын және мұғалім мамандығын ілгерілететін іс-әрекеттердi жүзеге асыра отырып, олардың тереңдігіне жету үшін бағдар ретінде пайдалана алады. Көшбасшы оқытушылар кез-келген күзiреттiлiкте пайда болу кезеңінен өзгеру кезеңіне дейін өскен сайын, олардың әсер ету аясы да өседі, бұл оларға тек өз әрекеттерімен өзгеріс енгізуге ғана емес, сонымен қатар басқалардың әрекетін басқарып, шабыттандыруға мүмкіндік береді. Бұған қоса, олар бiрге жұмыс істеу үшін әріптестердің немесе басқа мүдделі тараптардың сыни тобын белсендіруі мүмкін, нәтижесінде барлық студенттердің оқуын қолдайтын және бiлiм берудегі үздіктердi анықтайтын әзірлемелер пайда болады.

Зерттеу тақырыбы аясында көшбасшы оқытушы, бiлiм саласындағы көшбасшылық мәселелері талқыланды, дегенменде осы мәселе саласында әлі айтылар ойлар көп. Бiлiм саласындағы көшбасшылық бiрнеше дағдыларды, рөлдердi, күзiреттiлiктердi қажет ететіні, ол күзiреттiлiктер бiр адамдарға туа берілсе, ал кейбіреулеріне оқып үйрену арқылы, меңгеру арқылы келетіні белгілі болды. Бiлiм саласындағы оқытушының көшбасшылық рөлінен басқа бiрнеше негізгі рөлдері анықталды, ол рөлдер оқытушының еңбек тәжірибесінен, бiлiм саласында балаға тәрбие мен бiлiм беруден, олармен қарым қатынас орнатудан туындайтыны айтылды. Сонымен қатар, бiлiм саласындағы көшбасшы оқытушының жалпы, жеке күзiреттiлiктеріне тоқталып, әрқайсысының мәні сипатталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – шет тілі оқытушысының көшбасшылық рөлдері зерттеу аясында жүйеленген, шет тілі оқытушысының негізгі дәріс беруден тыс бірнеше кәсіби рөлдері айқындалып, ғылыми түрде дәйектелген. Мақалада коммуникативтік көшбасшылық күзиреттілік негізгі фактор ретінде қарастырылып, оның құрылымы талданған және көшбасшы оқытушы күзиреттіліктерінің (әділеттік, теңдік, мәдени, саяси, жалпы, бірлескен, дәріс беру) авторлық жіктемесі, оның анықтамасы мен сипаты, атқаратын қызметі сараланған. Қазақстандағы ағылшын тілі оқытушыларының кәсіби қызметінде көшбасшылық пен коммуникативтік күзиреттіліктің рөлі алғаш рет кешенді қарастырылып, талданған.

References

1 **Douglas Wieczorek, Jeffrey Lear.** Building the «Bridge»: Teacher Leadership for Learning and Distributed Organizational Capacity for Instructional Improvement// International Journal of Teacher Leadership. Volume 9, Number 2, Fall 2018

2 **Makuachukwu, S.** A Study on the Effects of Professional Development on Teacher Leadership Skills. Journal of Asian Multicultural Research for Educational Study. – 2023. – 4(2). – P. 24–31. – <https://doi.org/10.47616/jamres.v4i2.405>

3 **Hülya Kasapoğlu, Bilal Karaca.** Teachers' Views on Teacher Leadership: A Qualitative Analysis// International Journal of Progressive Education. – Vol. 17. – № 6. – 2021.

4 **Catrin Johansson, Vernon D. Mille, Solange Hamrin.** Conceptualizing communicative leadership Aframework for analysing and developing leaders' communication competence// Corporate Communications An International Journal April 2014

5 **Anderson, M.** Transformational leadership in education: A review of existing literature. International Social Science Review. 2017. – 93(1), 4.

6 **Myron, W. L. and Koester J.** Intercultural Competence: Interpersonal Communication across Cultures. Pearson Press. – 2010. – P. 65.

7 **Samovar, L. and Porter, R.** Communication Between Cultures. Belmont : Wadsworth. – 2001. – P. 3.

8 **Rūta Petkutė.** The communicative competence of the language teacher? Filologija. Edukologija. – 2010. – T. 18. – nr. 2. ISSN 1822-430X print/1822-4318 online

9 The Teacher Leadership Competencies. Teacher Leadership Institute. National Education Association, National Board for Professional Teaching Standards, and the Center for Teaching Quality, 2018.

10 **Gümüş, S., Bellibaş, M. S., Esen, M., & Gümüş, E.** A systematic review of studies on leadership models in educational research from 1980 to 2014. *Educational Management Administration & Leadership*, 2018. – 46(1). – P. 25–48. – <https://doi.org/10.1177/1741143216659296>.

11 **Barrett, J. D.** «Strong communication skills a must for today's leaders», *Handbook of Business Strategy*. – 2006. – Vol. 7. – № 1. – P. 385–390.

01.10.24 ж. баспаға түсті.

14.04.26 ж. түзетулерімен түсті.

15.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. А. Карменбаева¹, М. Жамбылқызы², В. Апхадай³,
Б. Ашегова⁴, Н. Орынтаева⁵

¹Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;

³Университет Миннесота, США, г. Миннеаполис;

⁴Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы;

⁵Алматинский технологический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.

КЛЮЧЕВЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ ПРЕПОДАвателя ЛИДЕРА

В исследуемой статье рассматриваются проблемы лидерство в сфере образования, роль преподавателя иностранного языка, основные компетенции педагогов лидеров, коммуникативное лидерство, которые в настоящее время актуальны в сфере исследований. В последние годы неудивительно, что роль преподавателя возросла не только внутри аудитории, но и за его пределами, возрос интерес к теме укрепления профессионализма преподавателя путем его изучения и уделения большего внимания их.

Лидерство в образовании – это сложный процесс, который связан с культурой и контекстом, однако, несмотря на малоизученность по его определению и исследованиям, ведется много споров о его важности для улучшения результатов образования. Различные исследования обнаружили тесную связь между успеваемостью учащихся и лидерством. В данной статье автор выделяет главную

роль и второстепенные роли преподавателя иностранного языка, лидерство в сфере образования, коммуникативное лидерство, развитие лидерских качеств, основные компетенции, необходимые для того, чтобы стать лидером в своей области, а также дифференцирует значение и функции преподавателя.

В статье проведен описательный, сопоставительный, аналитический и прагматический анализ темы, а также определены лидерские роли учителя английского языка в организации предмета. При определении этих ролей была определена лидерская коммуникативная компетенция, а также определены второстепенные роли учителя, помимо роли преподавания и организации предмета, развивающие лидерские способности.

Кроме того, с целью анализа лидерских компетенций и ролей, выявленных в рамках исследования, был проведён опрос среди преподавателей университета, и его результаты были обсуждены.

Ключевые слова: лидерство, учитель-лидер, коммуникативная компетенция, образовательный процесс, межкультурная коммуникативная компетенция, преподаватель, учащийся, образовательная политика и реформы.

**Zh. A. Karmenbaeva¹, M. Zhambylkyzy², B. Upadhyay³,
B. Ashegova⁴, N. Oryntayeva⁵*

¹Kazakh National Women's Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Kazakh National Al-Farabi University, Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Minnesota University, USA, Minneapolis;

⁴Kazakh National Women's Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

⁵Almaty technology university, Republic of Kazakhstan Kazakhstan, Almaty.

KEY COMPETENCES OF A TEACHER LEADER

The article under study considers issues as leadership in the field of education, the role of a foreign language teacher, the main competencies of teacher leaders, and communicative leadership competences, which are currently relevant in the field of research. In recent years, it is not surprising that the role of teachers has developed not only inside the classroom, but also outside it, and there has been an increase in the topic of strengthening the teacher's professionalism.

Educational leadership is a complex process that is culturally and contextually bound, yet despite the lack of research on its definition and research, there is much debate about its importance in improving educational outcomes. Various studies have found a strong relationship between student performance and leadership. In this article, the author identifies the key and secondary roles of a foreign language teacher, leadership in the field of education, communicative leadership, development of leadership qualities, the main competencies necessary to become a leader in one's field, and differentiates the meaning and functions of the teacher leader.

A descriptive, comparative, analytical and pragmatic analysis was made on the topic, and the leadership roles of the English language teacher in the organization of the subject were determined. In the determination of these roles, the leadership communicative competence was determined, and the secondary roles of the teacher, in addition to the role of teaching and organizing the subject, which develop leadership abilities, were determined.

Also in the purpose of analyzing the key leadership competences and roles the authors have developed a special questionnaire among university instructors, and the results are given in the research.

Keywords: leadership, teacher leader, communicative competence, educational process, intercultural communicative competence, teacher, learner, education policy and reforms.

Теруге 15.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

26,3 Кб RAM

Шартты баспа табағы 50,81

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4566

Сдано в набор 15.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

26,3 Кб RAM

Усл.п.л. 50,81. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4566

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz